

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ





Конституция күніне арналған “Ата Заң” атты суреттер сайысына оқушыларымыз Тасболатов Саят, Карабаева Тамина қатысып дипломдармен марапатталды

2022 жылдың 26 тамыз Атбасар ауданының білім қызметкерлерінің «Білімді ұлт терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» атты дәстүрлі тамыз конференциясының пленарлық бөлімінде мектебіміздің директоры Смагулова Рауза Назымбекқызы, қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Қазымбек Индира Қуанышбайқызы, дене шынықтыру пәні мұғалімі Ауезов Қайсар Серикович, мектеп психологы Жамантаева Айдана Алтынбековна марапатталушылардың қатарында болды.





**Қостанай қаласына гуманитарлық көмекті
жіберуге ат салысқан Жакыбаев Мұрат
Советовичке алғыс хат табысталды**



**Аудан мектептері арасында Т.Ж. Бегельдиновтың
100 жылдығына арналған футбол турнирінде
біздің мектептің оқушыларын жартылай финалға
шығуымен құттықтаймыз!**



Аудан мектептері арасында футболдан Т. Ж. Бегельдиновтың 100 жылдығына арналған футбол турнирінен мектебіміздің оқушылары 3-орын иеленді. Құттықтаймыз!



**Мектебіміздің
оқушыларынан құралған
“Алаш қырандары” атты
топ қалалық КВН
ойындарына қатысты**



Атбасар қаласы "№8 жалпы орта білім беретін мектебі "КММ-ның бастауыш сынып мұғалімі Тилеген Алтынай Ақмола облысының кәсіподақ ұйымының Құрмет грамотасымен марапатталды.



**10 сынып оқушылары
аудандық байқауына қатысып,
Азат Альбина "Менің туған
өлкем" - 1 орын, Иманәлі
Жанел "Менің Кіші
Отанымның символы" - 2
орынға ие болды! Жетекшісі:
тарих пәнінің мұғалімі
Немеренко З.Б.**



Атбасар қаласының №8 орта мектебінде "Жас құтқарушы" сайысы өтті. 8 қала мектептері қатысты. Біздің мектеп оқушылары 2-орынға ие болды.Құттықтаймыз!



**Мектебіміздің психологы Мулдахметова
Гульсана Нуркельдиновна 13 қазан күні
өткен «Үздік психолог» аудандық
байқауында I орын иеленді.**



14 қазан күні Республика күні мейрамы шеңберінде балалар жылына орай аудан мектептері оқушыларының арасында баскетболдан турнир өтті. Біздің мектептің оқушылары І-орынды жеңіп алды. Оқушыларымызды жеңісімен құттықтаймыз. Дене шынықтыру мұғалімі Қ.Ауезов

Нурханова Айдана 11 "А" сынып оқушысы 11-13 қазан аралығында Степногорск қаласындағы №4 "Болашақ" мектебінде өткен Президенттік олимпиадаға қатысты.





**5 сынып оқушысы
Жанайдарова Ясмина
сурет салудан
"Құтқарушылар бала
көзімен" аудандық
сайыста ІІІ орынға ие
болды!**



2022 жылдың 21 қазанында «Абай атындағы дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп – интернаты, Көкшетау қаласы» КММ базасында «Жылдың үздік психологы» облыстық байқауы өтті. Атбасар ауданынан аталған байқауға мектебіміздің педагог – психологы Гульсана Нуркельдиновна Мулдахметова 3 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагог – психолог санатында қатысты. Конкурс қорытындысы бойынша Гульсана Нуркельдиновна осы конкурсқа қатысқаны үшін грамотамен марапатталды.



Қарашаның 3 күні N4 ЖОББМ-нің базасында "Әділет" жоғары сыныптарының отырысы аудандық іс-шара өтті. Біздің мектептен 10 "Ә" сынып оқушылары Иденов Ибрагим мен Қайырбек Саят қатысты. Оқушылар "Қазақстан мен БҰҰ арасындағы ынтымақтастық келешегі" тақырыбына презентацияны қорғап шықты. Барлық қатысушылар сертификатпен марапатталған.